

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»
құрамыз десек ашықтық саясаты керек.
Бұл туралы М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің ректоры Дария
Қожамжарова айтты, деп хабарлайды
КазАкпарат тілшісі.

«Бұл - қаралы қантардан кейінгі
Мемлекет басшысының бірінші сұхбат
беруі. Шындығында бұл сұхбатты ҳалық
күтті және бәріміздің көптен бері мазалап
жүрген сұрақтарға нақты жауап берілді.
Президент айтқан «халық үніне құлақ
асатын мемлекет» құрамыз десек, онда дәл
қазіргі уақытта ашықтық саясаты керек. Ең



ПРЕЗИДЕНТ СҰХБАТЫНАН КӨПШІЛІКТІ МАЗАЛАҒАН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП АЛДЫҚ

алдымен кешегі сұхбатта «қаралы қантарға»
қалай тап болдық, сол уақыттарға бізге
беймәлім болған жайттар ашық айтылды.
Еліміз үшін қызын сәттерде тың шешімдер
қабылдау қажеттігі туындағанынан хабардар
болдық. Осы орайда күні кеше өткен «Nur
Otan» партиясының кезектен тың сезінде
Мемлекет басшысының «Жана Қазақстан»
құру үшін өткениміздің еш уақытта ұмытпауға
тиң екендігіміздің баса айтқан есеке түседі.
Ал өткениміз - еліміздің қауіпсіздігі,
еліміздің Тәуелсіздігі, мемлекеттің
егемендігі. Бұл - қазіргі кезеңде көзіміздің
қараышындаид сақтайтын тарихтың ең
үлкен белесі. Сондықтан бұкіл ҳалық
богын осы мәселені дұрыс талқылап, оң
шешімін табуыымыз қажет және болашағымыз
үшін жұмыс істеуге тиисілі», - деді Дария
Қожамжарова Мемлекет басшысының кешегі
«Хабар» арнасына берген сұхбатына орай
білдірген пікірінде.

Университет басшысы кешегі сұхбат
барысында КР Президенті болашағымыз
қандай болатындығына қатысты ойын ашық
білдіргенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы еліміз парламенттік
республика болуы мүмкіндігіне қатысты да
пікірін білдірді. Жапыры, Мәжілісте мықты-
мықты партиялар болса, олар шыныңы
халықтың ортасынан табылып, нақты
жеткістерге қол жеткізе алса, онда бұл
да басқарудың бір жүйесі болар еди. Бірақ,
бұл бүгін-ертең бола қоятын жай еместігін
бәріміз де түсінеміз. Ал болашақта мұның да
қажеті бар шығар. Оны да ойлауға тиисіз.
Демократиясы дамыған Еуропа елдерінде
мемлекеттік басқарудың президенттікпен
қатар парламенттік жүйесі де тимділігін
корсетіш отыр. Сондықтан бұған да
дайын болуымыз керек. Түптен келгенде
Президент сұхбатынан кейін Қазақстанның
болашағына қатысты ой қалыптасты. Яғни,
Мемлекет басшысы сліміздің болашағы
білімде, ғылымда, жаңа технологияларда
және қазақстандықтардың әл-ауақытының
артуында екендігін айтты. Сондықтан ата-
бабамызда ансаған жаңа Қазақстандың құру
кезеңінде бұл да дамудың бір үрдісі болары
анық. Демек, үміт сенбейді, арта береді», -
деді Дария Қожамжарова.